



**Мен жас маман Лабакова
Ұлболсын, бастауыш сынып мұғалімі,
14. 02. 2017ж. 4 «Д» сыныбына
әдебиеттік оқу пәнінен М.
Хакімжанованың «Көктем жыры»
тақырыбында алғашқы ашық
сабағымды берген болатынмын.
Өткізген ашық сабағымның
қорытынды есебі**



I. Ұйымдастыру кезеңі

Психологиялық дайындық




Көп ойнаған бала болады,

Көп ойланған дана болады.




Сыныпты түрлі түсті дөңгелекшелер арқылы жыл мезгілдері бойынша 4 топқа бөлдім.





**Үй тапсырмасын пысықтау
барысында «Кубик лақтыру»
ойынын ойнатқан
болатынмын. Әр топқа әр
түрлі сұрақтар қойылды**



Түсіп қалған сөзді тап.

..... келді ауылға, мамырлап бұлт,
Таң-тамаша дүние, дабырлап
жұрт

..... келді.

Өмірдің келешегі-

Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.



Көктем келді ауылға,
мамырлап бұлт,
Таң-тамаша дүние,
дабырлап жұрт.

Көктем келді.

Өмірдің келешегі-

Көкпен бірге дүркіреп төл өседі.



Музакали Муқатаев

Он төртінші ақпан

Мариям Хакімжанова
Көктем жыры





Сабақтың мақсаты: Оқушыны Мәриям Хакімжанованың «Көктем жыры» атты өлеңін мәнерлеп, түсініп оқуға үйрету, өлеңнің өзекті түйінді ойын ашуға жағдай жасау, өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу.



Мәриям Хакімжанова



1906 жылы 16 қарашада
Қостанай облысы қазіргі
Алтынсарин ауданындағы
Қызыл шоқ ауылында туған.
Ол ақын, ҚР-ның халық жазушысы.
1993 жылы 7 ақпанда 89 жасқа
қараған шағында дүние салды.

Шығармалары:

“Жеңешем өлеңдері” жинағы, “Гүл туралы аңыз”,
“Мәншүк” поэмасы, “Ана мейірімі”
“Ана махаббаты”, “Ана көктемі”,
“Бөбегім менің — өлеңім менің”,


Оқулықпен жұмыс.

Тақтадан жаңа сабақтың бейнеролигі
көрсетілді.

Іштей оқу.

Дауыстап оқу.

Ұл және қызға бөлініп оқу.



Өлең оқылып болған соң, жаңа сабақты бекіту мақсатында **«Көбелек ұшыру»** ойынын ойнаттым. Әр топ көбелекке сұрақтар жазып, келесі топқа ұшырды.



[Ашық сабақтар](#)



«Сен білесің бе?» ойыны

Табиғаттағы ауа райына байланысты халық болжамдары

1. Шық қалың түссе, шөп қалың бітеді.
2. Қарлығаш ұшуын сиретсе, ауа райы бұзылады.
3. Суыр інінің аузын қораласа, көктемде су тасқыны болады.
4. Қарлығаш жоғары ұшса, күн жылы болады.
Төмен ұшса, жаңбыр жауады.



Шығармашылық тапсырма

I топ: Адам кейпінде бейнеленген табиғат құбылыстарын мына үлгі бойынша жазу.

Қайтеді?

Көктем басталады, гүлге бөлейді, күн шуағын шашады.

Өзен.....

Құстар.....

Мал.....

II топ: Өлеңді өз сөзіңмен әңгімелеп жаз.

Күн жылынады,.....

III топ: «Көктем жыры» өлеңіне сурет салу

IV топ: 5 жолды өлең





**Үйге
тапсырма**

1. “Көктем жыры” жаттау. 175-бет

Бағалау парақшасы

Оқушының аты-жөні	«Кубик лақтыру» 1 ұпай	«Көбелек ұшыру» 1-3 ұпай	«Сен білесің бе?» 1-2 ұпай	Шығармашылық тапсырма 1-3 ұпай	Қорытынды баға
1.					
2.					
3.					
4.					
5.					
6.					

«5» - 7-9 ұпай

«4» - 5-6 ұпай

«3» - 2-4 ұпай



«Гүл егу»

-Не білдім?

-Не білетін едім?

-Не білгім келеді?



Алғашқы ашық сабағымның осылай
тартымды өтуіне септігін тигізген
сыныбыма алғысым шексіз, бағындырар
шыңдарың көп болсын, кіп-кішкентай
жүрекшелерім!



Ашық сабағымның естелік суреттері

